

Жарма ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Абай облысы Жарма аудандық мәслихатының 2024 жылғы 4 наурыздағы № 11/216-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 13 наурызда № 234-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Жарма аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 қарашадағы № 19/346-VIII шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Жарма аудандық мәслихатының 27.11.2024 № 19/346-VIII шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жарма ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 3% - ға дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Мәслихат төрағасы

М. Оспанбаев